

Қожа Нұрсұлтан, № 3 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы



Отанымыздың жүрегі – Астананы көрген сәттен-ақ әрқайсымыздың көңілімізге қуаныш, жүрегімізге мақтаныш, бойымызға асқақ рух келеді. Мен өз еліміздің ордасын небәрі он жылдың ішінде адам айтса нанғысыз көздің жауын алар әдемі, зәулім үйлері, түрлі ғимараттар, қыран ұшар биікке өрмелеген елорданы көргенімде зор қуанышпен мақтанамын. Тарих үшін 10 жыл-өте қысқа уақыт. Сол қысқа мерзімде Астана сан-түрлі арман қиялдарды жүзеге асырып жатқан керемет те, көркем қала. Тарихқа шолу жасасақ, 1997 жылы елбасымыздың қалауымен сол кездегі еліміздің бас қаласы болған Алматыдан Ақмола қаласына ауыстырылды. Бұл ел басымыздың ерлікпен жасалған ісі деп ойлаймын. Бұл саяси батыл қадам. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында қыруар іс атқарылды. Бірақ олардың ішінде екеуін атап өту керек.

Біріншісі-1997 жылы Президент Н.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» даму стратегиясы, екіншісі - Елорданы Алматыдан Астанаға көшірілуі. Үш ғасырға жуық уақыт бойы отаршылдықтың тауқыметін тартып, этнос ретінде шалажансар халге түскен қазақ халқын ел етіп, ТМД елдерінің аясындағы ең көп тілді, көп конфессиялы Қазақстанның еңсесін көтеріп, тәуелсіздік жолымен алып жүру міндеті Нұрсұлтан Әбішұлының маңдайына жазылды. Бірақ елбасымыз қиындыққа мойымай, жеңіп келуде.

Мен өз ел басымызды үлгі тұтам. Және де елбасымыздың кітаптарын қызығушылықпен оқимын. Басқа елдің мемлекет басшылары мен халқы елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы да сындарлы саясатына қызғана да, қызығушылықпен қарауда.

Н.Назарбаев әлемнің аса ірі мемлекет басшылары мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғашқы басшысы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да, алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білу бандай тіреген проблемалардың ең

[Введите текст]

елеулісін тап басып тани алу, ел ішіндік және әлемдік ақуалдар мен санаса отырып ұрымтал әрекеттерге бару, сол жолда тандалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру Н.Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті.

Сарыарқаның сары белінде Қанжығалы қарт Бөгенбай елінде ұлан-байтақ қазақ жерінің қасиетті орталығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі, жаңа бір мәдени-ғылыми һәм саяси-экономикалық алып ортаның,отанымыздың күретамырына қан жүгіртетін,жан бітіретін сәулетті,қуатты орданың дүниеге келуі,әлбетте,барша жақсылықтардың игіліктердің шоғырлануы деп білемін.Негізі астана деген сөздің көен түркі тіліндегі мағынасы "босаға" дегенді білдіреді екен.

Есілдің жағалауында бой көтерген Ақмоланы Астана деп өзгертті.Ол кезде мынадай құрылыстыңбіреуі де жоқ болатын.Қазіргі кезде неше түрлі ғимараттар бой көтеріліп жатыр.Астанадағы "Есіл" тұрғын үй кешені,"Парламент ғимараты", Ғашықтар саябағы" тағы басқа таң қаларлықтаймол дүниелер бар.Әсем қала да ұрпаққа өнеге болып жалғасқан қасиетті қазақ жерінің шежіресін паш етер,көңілі дархан, жаны жомарт қазақ елінің ұлылығын ұлықтайтын "Қазақ елі" монументі.Күн нұрына шағылысқан ақ мәрмәр ескерткіш,алып Самұрық құс дархан пейіл,жайсан қазақтың асқақ арманындай. Евразияның кіндігінде орналасқан алып ордаға көптеген туристтер келуде.Олар керемет Астанаға тамсанып, таң қалуда.

"Жаңа астана-тәуелсіз Қазақстан үшін жарқын келешектің нышаны"-деп елбасымыз айтқандай Астанамен келешектің жарқын болатынына сенемін.Жаңа астананың келешегі бүтіндей ХХІ ғасырдың еншісінде жатыр.Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткеншектеріміз.

Мен өз болашағымды ел ордасымен байланыстырамын.Және де өз еліме,жаңа Астанамызға өз үлесімді қоссам деймін.